

Қазақстан Республикасы
Жоғары сотының тәрағасы
Ж.Қ. Асановқа

Атырау облыстық сотының
тәрағасы
Б.Т. Жумагуловқа

Атырау облысының көмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданараптық
сотының тәрағасы
А.К. Ташеноваға

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Осы хатпен Атырау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданараптық сотының судьясы Ф.Д. Отарұлына және оның хатшысы Н.Дюсенғалиеваға, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьялары Г.Қ. Жұсіпбековаға, Б.Ж. Тоқтароваға, А.К. Ескендировке, Т.А. Ибрашевқа алғысымды білдіремін.

Атырау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданараптық сотының 24.02.2021 жылғы шешімімен А.Мұқанов қызымының әкесі танылып, табысының және өзге де кірісінің $\frac{1}{4}$ алимент өндірілген.

А.Мұқанов аталған алимент сомасына келіспей, мөлшерін азайту туралы берген талап арызы 15.06.2021 жылғы Атырау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданараптық сотының шешімімен қанағаттандырудан бас тартылды.

Судья Ф.Отарұлы сотқа ұсынылған барлық дәлелдемелерді жан-жақты тексеріп, материалдық және процессуалдық құқық нормаларын дүрыс қолдануы арқылы А.Мұқановтың әрекеттеріне занды құқықтық баға берген.

СОТАРДЫН КОЗЫНІН ҚАЛАСЫ
ДЕПАРТАМЕНТИНИҢ ЖОҒАРЫ СОТА
АППАРАТЫНЫҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЛЬШИНА СОТТАР БЮДЖЕТ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕМЕЛЕСІ

КІРІС 363 САНДЫ
09 03 2022

ПАРАК САНЫ 2 ТОМ САНЫ
05000 АТЫРАУ ҚАЛАСЫ, К.САТПАСА КӨШЕСІ, 12

Судья Ф.Отарұлы және хатшысы Н.Дюсенғалиева екі жылға созылған даудың кезінде қызым Муқанова Аминаға сот процестерінде туған өкесі А.Муқановтың тарапынан көрсөтілген қысымшылық, кемсітуден қорғады.

Дегенмен А.Мұқанов бұл шешімге келіспей апелляциялық шағым берді.

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 09.09.2021 жылғы қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылды және алимент мөлшері 1/8 бөлігіне дейін азайтылды (судья М.Комиршинов, Е.Убигалиев, А.Мағзомова қызымының құқықтарын өрескел бұзды).

Кейін менің кассациялық өтінішхатымды Жоғары Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Г.Қ. Жұсілбекова өндіріске қабылдады.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасы судьялары Б.Ж. Тоқтарова, А.К. Ескендиров, Т.А. Ибрашев Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 09.09.2021 жылғы алимент мөлшерін азайту туралы қаулысын заңсыз деп танып, А.Муқановтың табысының және өзге де кірісінің $\frac{1}{4}$ мөлшерінде алимент өндіру туралы Атырау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданараптық сотының шешімін күшінде қалдырыды.

Баланың құқықтарын қорғап осындай әділ шешімнің қабылдануына табандылық танытқан күрделі, жауапкершілігі мол қызметтерінізде сәттілік тілеймін.

Құрметпен

Абдрахманова Асемгұл Ғабитқызы